


«БЕКІТЕМІН»
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КсАК
басқарма төрағасы-ректор
А.М.Намстөв
«29» _____ 2025 ж.

ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТТІҢ САРАПШЫ ТАЛДАУШЫСЫ
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ
СМЖ.07.ЛН.104

№ 05 басылым
№ _____ дана

Дайындалды: 27.08.2025 м.	Келісілді: 28.08.2025 м.	Енгізілді: 02-09-2025 м.
Бейшова И.С. 	Ә.С. Шәмшідін  Е.Б. Ихсанов  М.Ж. Алмагамбетова  А.Г. Ундаганова 	Орнына СМЖ.07.ЛН.104 25.02.2025 Қайта қаралугы: 02-09-2028 м.

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» және «Білім туралы» заңдарына сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық ғылыми қызметтің сарапшы талдаушысы маманына арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушы міндеттері:

3.1.1. Ғылыми зерттеулер мен бағдарламалардың сапасы мен маңыздылығын бағалау;

3.1.2. Зерттеулер мен деректерді талдау негізінде есептер мен аналитикалық жазбалар жасау;

3.1.3. Қауіпсіздік ережелері, өрт қауіпсіздігі, санитарлық жағдай мен еңбек тәртібін сақтау;

3.1.5. Жұмыс орындарының тазалығы мен тәртібін сақтау.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушы Ғылым және технологияларды коммерцияландыру департаментінің директоры ұсынуымен ғылым жөніндегі проректордың келісуімен университеттің Басқарма төрағасы-ректоры тағайындайды және лауазымынан босатады.

3.2.2. Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушы Ғылым және технологияларды коммерцияландыру департаментінің директорына бағынады және өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

- Ғылым және технологияларды коммерцияландыру департамент директорының өкімдерін, әдістемелік нұсқаулықтарын;

- Қазақстан Республикасындағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері туралы нормативтік құжаттарын;

- осы лауазымдық нұсқаулығын.

3.2.3. Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушы өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді.

3.3. Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушы маманы білуі қажет:

3.3.1. Ғылыми зерттеу әдісі мен процесін, соның ішінде гипотезаларды тұжырымдауды, деректерді жинау мен талдауды, нәтижелерді түсіндіруді және жариялауды жақсы түсінуі керек.

3.3.2. Әр түрлі ғылыми салалардағы негізгі ұғымдар мен принциптерді түсіну ғылыми зерттеулерді дәлірек талдауға және бағалауға көмектеседі.

3.3.3. Университет Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін, технология сұрақтары бойынша университеттің қазіргі ішкі нормативтік құжаттарын;

3.3.4. Өзінің өкілдігінің ішінде СМЖ құжаттарын;

3.3.5. Өзінің лауазымдық нұсқаулығын;

3.3.6. Еңбек заңының негіздерін;

3.3.7. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы ережелерін.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Білімі жоғары, белсенді шығармашылық қызметін жүргізу, ұжымда беделді болу керек. Өз мамандығы саласында 5 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы тиіс;

3.4.2. Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушы маманының міндетіне кіретін барлық сұрақтардан толық көлемде білімі, ұйымдастырушылық қабілеттілігі, жауапкершілігі, талап етушілігі, тез орындаушылығы, тәртіпшілігі, адамдармен жұмыс жасауы қажет;

3.4.3. Дербес компьютермен жұмыс жасауы, іс жүргізу шеңберінде мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілін білуі қажет;

3.4.4. Үнемі өзінің біліктілік деңгейін арттыруы қажет.

4. Жауапкершілігі және өкілеттігі

4.1. Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушы маманы жауапты:

4.1.1. ҚР қазіргі еңбек заңына сәйкес негізгі лауазымдық нұсқау бойынша өзінің лауазымдық міндеттерін толық атқармағаны үшін;

4.1.2. Еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерінің, өз мамандығы саласындағы нұсқаулықтардың нормалары мен талаптардың сақталмағаны үшін;
4.1.3. Ақпараттардың құпиялылығын сақтамағаны үшін.

4.2. Өкілеттігі

4.2.1. Өз құзыреті саласында сараптамалық қорытындылар немесе бағалаулар шығаруға;
4.2.2. ЖОО басшылығының шешімдер жобаларымен танысуға;
4.2.3. Талдаулары мен сараптамалық білімдері негізінде өз қорытындылары мен ұсынымдарын ұсынуға;
4.2.4. Талдаулары мен бағалауларын жүргізу үшін қажетті ақпарат пен деректерге қол жеткізуге;
4.2.5. Кейбір жағдайларда сарапшылар өз жұмыстары мен қызметтері үшін ақы алуға;
4.2.6. Әртүрлі отандық және шетелдік кәсіпорындармен (ұйымдармен), жергілікті басқару органдармен, ҚР білім және ғылым министрлігі, тағы басқа министрліктермен, ведомствалармен өзара қатынастарда университеттің мүдесін көрсету;
4.2.7. Өз міндетіне кіретін сұрақтар бойынша құрылымдық бөлімшелерден лауазымдық міндеттерін орындау үшін керекті ақпараттарды және құжаттарды сұрау;
4.2.8. Ғылыми зерттеулерге сараптама және бағалау жүргізе алады. Ол университеттің белсенділігі мен бастамаларының кәсіби стандарттарға сәйкестігін анықтап, бағалай алады;
4.2.9. Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жұмыстарының есебін қабылдау бойынша институттардың комиссия жұмысына қатысу;
4.2.10. Жұмысты ұйымдастыруды жақсарту, жаңа әдістемелер және жұмыс түрлерін дайындау жөнінде ұсынысын енгізуге.

4.3. Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушы маманы құқылы:

4.3.1. ЖОО басшылығынан лауазымдық міндеттерін атқару үшін қажетті жағдайлармен қамсыздандыруын талап етуге;
4.3.2. Жыл сайынғы еңбек демалысын алуға;
4.3.3. Өзінің кәсіби намысын және адамгершілігін қорғауға;
4.3.4. Ұйымдық іс-әрекетіндегі табыстары үшін материалдық және моралдық марапатталуға;

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

6.1 ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. № 414-V;
6.2 ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319 - III;
6.3 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410-V;
6.4 ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы 01.07.2024 ж. № 103-VIII;
6.5 ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;
6.6 Университеттің ішкі тәртіп ережелері. СМЖ.08.ҚЕ.06;
6.7. Университеттің ішкі нормативті құжаттары.